

Люси Мод Монтгомери

*Жасыл  
шатырдағы  
ӘН*

**1-бөлім**

*Роман*

Қазақ тіліне аударған Динара Мазен

Астана-кітап

ӘӘЖ 821.111-93 (71)  
КБЖ 84 (7Кан)  
М 68

## **Люси Мод Монтгомери**

М 68 **Жасыл шатырдағы Ән. 1-бөлім:** Роман. / Л. М. Монтгомери. – Алматы: Астана-кітап, 2024 – 208 б.

**ISBN 978-601-80908-1-3**

Әнді Марилла мен Мэтью балалар үйінен алдыртады. Қартайған үй иелеріне көмекші болсын деп, ұл бала сұратқан болатын. Бірақ, Ән жасыл шатырлы үйді көргенде, бұл жерде міндетті түрде қаламын деп шешеді. Ол Марилла мен Мэтьюге көмектесе алатынын көрсетіп, олардың ойын барынша өзгертуге тырысады. Осылайша Әннің жасыл шатырлы үйдегі өмірі басталады. Жетім қыздың жаңа отбасы, жаңа мектепке келуі түрлі шытырман оқиғаға толы болмақ.

ӘӘЖ 821.111-93 (71)  
КБЖ 84 (7Кан)

**ISBN 978-601-80908-1-3**

**©Астана-кітап, 2024**

Жасы  
шатырдағы  
Ән



# КЕЙІПКЕРЛЕР



Марина



Ән

Мәтін



Гилберт



Диана



## МАЗМҰНЫ



I ТАРАУ. Миссис Рейчел Линдтің таңдануы.....	7
II ТАРАУ. Мэтью Катберттің таңдануы.....	19
III ТАРАУ. Марилла Катберттің таңдануы.....	42
IV ТАРАУ. Жасыл шатырдың ғажайып таңы.....	51
V ТАРАУ. Әннің тағдыры.....	60
VI ТАРАУ. Марилланың шешімі.....	68
VII ТАРАУ. Әннің дұғасы.....	76
VIII ТАРАУ. Ән тәрбиесінің басталуы.....	81
IX ТАРАУ. Миссис Рейчел Линд шын ашуланды.....	92
X ТАРАУ. Әннің кешірім сұрауы.....	102
XI ТАРАУ. Жексенбілік мектеп.....	113
XII ТАРАУ. Салтанатты түрде ант беру.....	121
XIII ТАРАУ. Күтудің ләззаты.....	131
XIV ТАРАУ. Әннің мойындауы.....	138
XV ТАРАУ. Әннің мектепке барудан бас тартуы.....	150
XVI ТАРАУ. Диананың қонақ болу хикаясы.....	171
XVII ТАРАУ. Әннің өмірден жаңа мән табуы.....	186
XVIII ТАРАУ. Әннің көмекке ұмтылуы.....	194

## АВТОР ТУРАЛЫ



Люси Монтгомери Мод жетім, жирен қыз Ән Ширли жайында әңгімелерімен әйгілі болған канадалық жазушы.

1874 жылы 30 қарашада Клифтон қаласында дүниеге келген. Кішкентайынан ата-әжесінің қолында өсіп, тоғыз жасынан бастап күнделік жазды. Күнделікте түрлі өлең, әңгімелер

жазылған еді.

Жастайынан жазуға қызыққан Люси Мод өмірлік жолын мұғалім болуға арнады. Жұмыстан тыс уақытта америкалық, британдық журналдарда жарық көрген әңгіме, өлеңдерін жазатын.

Өзі өсіп, жұмыс жасаған Кавендиш қаласында ең алғаш “Ән – жасыл шатырдағы қыз” атты үлкен романының бөліктерін жазып бастайды. Алғашында канадалық баспалар кітапты шығаруға қарсы болса да, 1908 жылы кітап АҚШ елінде жарық көреді.

Туынды бірден өз оқырмандарын тапты. Марк Твен басты кейіпкер болған жирен шашты қызды көркем-әдебиет тарихындағы ең мейрімді, ерекше қыз деп таныды.

Люси Монтгомери Мод ғұмырында 20 роман, 500 әңгіме мен 500 өлең, сонымен қоса журнал беттерінде көптеген мақалалар жазып шыққан.

## I ТАРАУ. Миссис Рейчел Линдтің таңдануы

Миссис Рейчел Линдтің үйі Әвенлиге кіретін негізгі жол күрт құлдилап, шағын ойпатқа ұласатын тұста орналасқан. Жағалай қандыағаш пен қырыққұлақ қаулап өскен ойпатты кесіп ағатын арық бар. Бұл арық Катберттердің ескі үйінің маңындағы орманнан бастау алатын. Бұлақтан шыққан тентек ағыс ойнақтап, орман ішінде талай бұралаң жолдан өтеді, алаңқайға иіріліп, тоған түзеді; арасында гүрілдеп, құлдыраңдап ағады; бірақ миссис Рейчел Линдтің үйіне жеткенде моп-момақан кішкентай арыққа айналып, ақырын сылдырап өтеді; жылға екеш жылға да қай кезде тәртіпке бағыну керек екенін білетіндей. Миссис Рейчел терезе алдында кірпік қақпай бәрін бақылап отырады, өткір жанарынан бұлақ та, бала да тыс қалмайды; әлдене сезікті көрінсе, оның себебін анықтап, түбіне жеткенше жаны тыным таппайды.

Әлемнің қай түкпірінде болсын, өз шаруасын жиып қойып, көршінің ісіне араласып, ақыл айтпаса көңілі көншімейтін жандар болады, сондай мінезден Әвенли халқы да мақұрым емес. Әйтсе де, миссис Рейчел Линдті ондай салдыр-салақ өсекшілер санатына қоса алмайсыз, өз шаруасына да тастай, өзгенің ісін тындырғанда да алдына жан салмайды. Қашан барсаңыз,